

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 және 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қарашадағы N 1107 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін :

1) "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II "Шығындар" бөлімінде:

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

01 "Әлеуметтік қамсыздандыру" ішкі функциясында:

213 "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" әкімшісі бойынша:

004 "Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасында:

104 "ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлері" кіші бағдарламасындағы "116 114" деген сандар "121 114" деген сандармен ауыстырылсын;

105 "Қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдері (күйеулері)" кіші бағдарламасындағы "338 581" деген сандар "358 581" деген сандармен ауыстырылсын;

108 "Ұлы отан соғысы жылдарындағы тыл еңбекшілері" кіші бағдарламасындағы "3 087 000" деген сандар "3 287 000" деген сандармен ауыстырылсын;

110 "I және II топтағы мүгедектер" кіші бағдарламасындағы "5 024 628" деген сандар "5 019 628" деген сандармен ауыстырылсын;

113 "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр-ана" атағын алған және "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналар" кіші бағдарламасындағы "5 634 441" деген сандар "5 434 441" деген сандармен ауыстырылсын;

114 "Төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар" кіші бағдарламасындағы "8 549 996" деген сандар "8 529 996" деген сандармен ауыстырылсын;

02 "Әлеуметтік көмек" ішкі функциясында:

007 "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар" бағдарламасында:

100 "Бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар" кіші бағдарламасындағы "4 321 800" деген сандар "4 371 800" деген сандармен ауыстырылсын;

101 "Бір жасқа дейінгі баланы күту үшін төленетін мемлекеттік жәрдемақылар" кіші бағдарламасындағы "6 339 665" деген сандар "6 289 665" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысында :
көрсетілген қаулыға 130-қосымшада:

2-тармақ "13-бабы;" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 12, 16-баптары;" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 145-қосымшада :

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "2005 жылғы 10 наурыздағы N 2-121/05" деген сөздер "2006 жылғы 25 қаңтардағы N 2-33/06" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі